

«Саяхат» пойызы аялдады

Кеше Екібастұз теміржол вокзалына Астанадан шыққан «Туған елге саяхат» экскурсия пойызы аялдады. «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне орай «Samruk-Kazyna Trust» қоры және «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ-ы басшылығы бірлесіп ұйымдастырған жоба шеңберінде 200 бала еліміздің көрікті жерлерін аралауда. Шырайлы өңірлердің қатарында Екібастұз қаласы да бар.



Оралхан ҚОЖАНОВ

Жоба ұйымдастырушыларының бірі Әділ Қожасовтың айтуынша, саяхатқа «Самұрық-Қазына» АҚ-ына қарасты кәсіпорындарда еңбек ететін азаматтардың отбасынан 150 бала және арнайы өткізілген шығармашылық байқаудың 50 жүлдегері іріктеліп алынған.

- Балаларға ең әуелі «ЭКСПО-2017» көрмесін тамашалау бақыты бұйырды. Астанадан Екібастұз қаласына, кейін Алматы, Байқоңыр өңірлеріне саяхат жасау көзделіп отыр. Барған жерде жоба қатысушыларын жылы қарсы алып, үлкен құрмет көрсетілуде. Бұл ретте, Екібастұз өңіріндегі білім саласына жауапты мамандарға алғысымызды білдіреміз, - дейді Ә.Қожасов.

Балалардың Екібастұздағы бір күндік саяхаты көпке дейін естерінде қалары анық. Оларды пойыздан түсе бере ертегі кейіпкерлерінің киімін киген белсенді жастар қарсы алып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Негізгі шара «Қайнар» білім беру және бос уақытты қамту кешенінде ұйымдастырылды. Балалардың назарына Екібастұз қаласының өткені мен бүгінінен сыр шертетін шағын бейнефильм ұсынылды. Бұдан кейін бірнеше топқа бөлінген оқушылар 10 секция бойынша шығармашылық қабілеттерін ортаға салды. Атап айтсақ, олар аэродизайн (шарлардан заттар жасау), караоке-шоу, сурет салу, аквагримм, спорттық сайыстарда бақтарын сынады.

Қызықты шара Достық үйінде жалғасын тауып, балалар қазақтың салт-дәстүрі тақырыбында

ұйымдастырылған ойындарға белсенді қатысты. Кейін жас меймандар МАЭС-1, МАЭС-2 және «Богатырь Көмір» ЖШС-іне барып, кәсіпорындардың бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты.

Алматылық оқушы Әлихан Серікжанов бұл саяхаттан ерекше әсер алғанын айтады.

- Шыны керек, бұған дейін Екібастұз қаласы жайлы білетінім аз еді. Бүгін, міне, алпыс жылдық тарихы бар шырайлы шаһарды аралап, қызықты деректерден құлағдар болдым. Екібастұз өте таза қала екен. Ірі кәсіпорындарда болып, ұмытылмастай әсер алдық, - дейді ол.

Бүгін «Туған елге саяхат» экскурсия пойызы Екібастұз қаласынан Алматы қаласына жол тартты.

Суретті түсірген:
В.Фадеев